

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 1393 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік қызмет академиясының Сыбайлас жемқорлық және мемлекеттік қызметшілердің қызмет этикасын сақтау проблемалары жөніндегі зерттеу орталығының материалдық-техникалық базасын құруға және жұмысын ұйымдастыруға 2004 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және өзге де күтпеген шығыстарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен 20000000 ( жиырма миллион) теңге бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі белгіленген тәртіппен бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы  
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

*міндетін атқарушы*